



"Геодезия және картография туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 желтоқсан N 1590

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Геодезия және картография туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Геодезия және картография туралы

Осы Заң геодезия және картографиялық қызмет саласында мемлекеттік басқару органдары, заңды және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды реттейді.

I-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

геодезия - ғылыми, техникалық және өндірістік қызмет процесінде Жердің пішінін, мөлшерін және сыртқы гравитациялық өрісін, жер беті координаттары мен нүкте биіктігін және олардың карталар жасау мен жоспарлар сызу мақсатында, сондай-ақ жер бетіндегі түрлі инженерлік міндеттерді шешуді қамтамасыз ету үшін жүргізілетін уақыт бойынша өзгеруін анықтау жөніндегі туындайтын қатынастар саласы;

картография - картографиялық туындыларды зерделеу, жасау және пайдалану жөніндегі ғылыми, техникалық және өндірістік қызмет процесінде туындайтын қ а т ы н а с т а р с а л а с ы ;

геодезиялық және картографиялық қызмет - геодезия және картография саласындағы басқару, өндірістік, техникалық және ғылыми қызмет;

картографиялық өнім - картографиялық қызмет нәтижесінде Жер бетінің және аспан денелерінің белгілі бір математикалық заңдар бойынша және шартты белгілердің қабылданған жүйесінде құрылып, кішірейтілген, өлшенетін және жинақталған, қағазға және магниттік жеткізушіге түсіріп алынған бейнелері;

геодезиялық және нивелирлік тор - жергілікті жерде арнайы орталықтармен және белгілермен бекітілген жер бетіндегі пункттер жүйесі, олардың өзара жағдайы жоспарлық қатынастарда және биіктігі жөнінен геодезиялық қызметтер нәтижесінде б е л г і л е н г е н ;

геодезиялық пункт (белгі) - орны белгіленген жерге орнатылған (немесе жердегі құрылысқа орнатылған) ортасымен және оның үстіне тұрғызылған құрылыспен (белгімен) белгіленген геодезиялық торының пункті;

делимитациялау - мемлекеттік шекараның өтетін жерлерін сипаттап, айқындау және жасасылған шартқа сәйкес оны картаға түсіру;

демаркациялау - жергілікті жерде делимитация туралы шартқа сәйкес мемлекеттік шекараны айқындау және оны тиісті шекара белгілерімен белгілеу;

картографиялық-геодезиялық қор - геодезиялық және картографиялық қызмет нәтижесінде жасалған, жалпымемлекеттік, салааралық маңызы бар және оларды бұдан әрі пайдалану мақсатында ұзақ сақталуға тиіс материалдар мен деректер жиынтығы;

географиялық ақпарат жүйесі - Жер туралы, жер бетінің объектілері, табиғи және қоғамдық процестер мен нақты дүниенің құбылыстары туралы кеңістіктік ақпаратты жинауды, қорлануды, сақтауды, талдау жасауды және таратуды қамтамасыз ететін компьютерлендірілген бағдарлама жүйесі;

спутниктік технология - байқаушының немесе объектінің тұрған жерін координаталық-уақыттық анықтау үшін, сондай-ақ Жер бетінің учаскелерін картаға түсіру үшін ақпараттар алудың спутниктік жүйесі.

2-бап. Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңдары

1. Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Геодезиялық және картографиялық қызмет процесінде туындаған мүліктік және мүліктік емес құқықтар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және "

Авторлық және сабақтас құқықтар туралы" Заңмен реттеледі.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының заңдарындағыдан өзгеше нормалар белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

3-бап. Геодезиялық және картографиялық қызметтің объектілері мен субъектілері

1. Мыналар геодезиялық және картографиялық қызметтің объектілері болып табылады: Қазақстан Республикасының аумағы және ондағы географиялық объектілер, жер шарының материктері, Әлемдік мұхит, оның ішінде аралдар, табиғи аспан денелері және Жердің жасанды серіктерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігі.

2. Мыналар геодезиялық және картографиялық қызметтің субъектілері болып табылады: Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары және әкімшілік-аумақтық бірліктер, осы органдардың мәртебесін айқындайтын заң актілерімен, ережелермен немесе өзге де актілерімен белгіленген олардың құзыреті шеңберінде; осы қызмет нәтижесінде мүдделері қозғалатын заңды және жеке тұлғалар.

4-бап. Геодезиялық және картографиялық қызметтің негізгі бағыттары

1. Атқарылатын жұмыстардың мақсатына қарай геодезиялық және картографиялық қызмет мыналарға бөлінеді:

1) мемлекеттік мақсаттағы жұмыс, оның нәтижесінің жалпымемлекеттік, салааралық маңызы болады;

2) арнайы және салалық мақсаттағы жұмыс, оны жүргізудің қажеттілігі Қазақстан Республикасының геодезиялық және картографиялық қызметі субъектілерінің қажеттіліктерімен айқындалады.

2. Мемлекеттік мақсаттағы геодезиялық және картографиялық қызмет өзіне мыналарды қамтиды:

1) Жердің пішінін, мөлшері мен гравитациялық өрісін анықтау;

2) Жерді дистанциялық барлау және геодинамикалық зерттеу;

3) мемлекеттік топографиялық карталар мен жоспарлардың тығыздығы мен дәлдігін қамтамасыз ететін барлық кластағы мемлекеттік астрономиялық-геодезиялық, спутниктік геодезиялық және нивелирлік торларды, іргелі және I класты гравиметриялық торды құру, дамыту, зерттеу, қалпына келтіру;

4) жалпымемлекеттік, қорғаныс, ғылыми-зерттеу және өзге де міндеттердің шешімі дәлдігі мен мазмұнын қамтамасыз ететін мемлекеттік топографиялық карталар мен жоспарларды, соның ішінде қалалардың және елді мекен пункттерінің жоспарларын

графикалық, цифрлық, фотографиялық, электрондық және өзге де нысандарда жасау, жаңарту және басып шығару;

5) геодезиялық спутниктік технологияны енгізу және пайдалану;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялауды, демаркациялауды және оның сызығының өтуін тексеруді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының теңіз кеңістігін делимитациялауды геодезиялық, картографиялық, топографиялық және гидрографиялық қамтамасыз ету;

7) теңіздер, көлдер, өзендер, су қоймаларының қайраңдарын картаға түсіру, топографиялық, навигациялық теңіз карталарын, көмекші құралдарды, кеме жүзетін өзендердің, теңіздердің және су тоғандарының лоцияларын жасау;

8) мемлекет, оның қорғанысы мен қауіпсіздігінің мүддесі үшін геодезиялық, картографиялық, топографиялық және гидрографиялық жұмыстар жүргізу, сондай-ақ кеме жүзетін өзендерде, теңіздерде және су тоғандарында жалпы теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

9) шет мемлекеттер мен әлемдік мұхит аумағын қоса, топографиялық және арнайы карталар мен жоспарлар жасау және жаңарту үшін аэроғарыштық түсіру жұмыстары;

10) Ұлттық картографиялық және геодезиялық қорды қалыптастыру және жүргізу;

11) географиялық ақпараттық жүйелерді жасау және жүргізу;

12) салалық мақсаттағы жалпыгеографиялық, саяси-әкімшілік, ғылыми-анықтамалық және басқа да тақырыптық карталар, жоспарлар мен атластар, картографиялық оқу құралдарын құрастыру және басып шығару;

13) географиялық атауларды стандарттау, есепке алу және олардың қолданылуын ретке келтіру, Географиялық атаулардың мемлекеттік каталогын жасау және жүргізу;

14) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу және қазіргі заманғы технологияларды енгізу;

15) геодезиялық және картографиялық қызмет саласында мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, бекіту және қолданысқа енгізу;

16) геодезия және картография техникасы өндірісін ұйымдастыру;

17) геодезия және картография саласында халықаралық ынтымақтастыққа қатысу.

3. Арнайы және салалық мақсаттағы геодезиялық және картографиялық қызмет өзіне мыналарды қамтиды:

1) әртүрлі объектілерді, жер үсті және жер асты құрылыстары мен торларын, құрылыс учаскесіне ғимараттар мен құрылыстардың бекітпелерін салу учаскелерінің бас жоспарларын құрастыруға, сондай-ақ өзге де арнайы жұмыстарды орындауға арналған топографиялық жоспарларды жасау және жаңарту;

2) графикалық, цифрлық, фотографиялық, электрондық және өзге де нысандарда арнайы мақсаттағы тақырыптық карталар, жоспарлар мен атластар жасау және басып шығару;

3) арнайы мақсаттағы географиялық ақпараттық жүйелерді жасау және жүргізу;

4) сызық және алаң үлгісіндегі инженерлік құрылыстарды, жер асты құрылыстары мен торларын жобалау және ізденіс жүргізу, салу және пайдалану кезінде геодезиялық, топографиялық, аэротүсіру және басқа да арнайы жұмыстар, кадастрлар мен өзге де ізденістер және арнайы жұмыстар жүргізу;

5) осы тармақта көрсетілген бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу;

6) инженерлік-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстар.

2-тарау. Геодезиялық және картографиялық қызметті мемлекеттік реттеу және жүзеге асыру

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) геодезия және картография саласындағы қызметті басқару мен қадағалаудың мемлекеттік функциясын жүзеге асыратын орталық атқарушы органды (бұдан әрі - уәкілетті орган) анықтау;

2) тоғыстардың, биіктіктің, гравиметриялық және спутниктік өлшемдердің, сондай-ақ мемлекеттік топографиялық карталар мен жоспарлардың масштабтық қатарының бірыңғай мемлекеттік жүйелерін белгілеу;

3) республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың тізбесін бекіту;

4) лицензияланатын топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметке біліктілік талаптарын бекіту жатады.

6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) геодезиялық және картографиялық қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік және техникалық саясат жүргізу;

2) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметін үйлестіру;

3) мемлекеттік мақсаттағы геодезиялық және картографиялық жұмыстарды, сондай-ақ арнайы және салалық мақсаттағы жұмыстарды орындауды ұйымдастыру;

4) мемлекеттік геодезиялық қадағалауды жүзеге асыру, топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметті лицензиялау және есепке алу ;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының және жергілікті жерлерде әкімшілік-аумақтық бірліктер шекараларының дұрыс бейнеленіп көрсетілуін қадағалау және оны картографиялық материалдарда бейнелеп көрсету;

6) әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы шекаралардың өзгерістері, сондай-ақ жергілікті жердің және географиялық объектілер атауларының өзгерістері бейнеленіп көрсетілген кезекші анықтамалық картаны жүргізу;

7) нормативтік құқықтық актілер мен геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуге техникалық талаптарды әзірлеу, бекіту және қолданысқа енгізу, барлық геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің осы талаптарды сақтауына қадағалауды және олардың дұрыс қолданылуына бақылауды жүзеге асыру;

8) аэрофототүсіру, геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуді тіркеу, есепке алу және оған рұқсат беру;

9) геодезиялық пункттерді есепке алу және олардың сақталуын қамтамасыз етуді қадағалау;

10) геодезия және картография саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысу жатады.

2. Уәкілетті органның:

1) геодезиялық және картографиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен орындау тәртібінің анықталған бұзушылықтарын жоюды, сондай-ақ көрсетілген жұмыстарды немесе аэроғарыштық түсірулерді жүргізу нәтижесінде алынған геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректерді шоғырландыруды, есепке алуды, сақтауды, пайдалануды және іске асыруды талап етуге;

2) нормативтік құқықтық актілердің және техникалық талаптардың бұзылу фактілері анықталған жағдайда анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуді тоқтата тұруға;

3) ұйымдардан олардың меншік нысандарына қарамастан осы Заңда көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты заңдарда белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

4) мемлекеттік қауіпсіздік мүдделерін ескере отырып, геодезиялық және картографиялық жұмыстардың, аэроғарыштық түсірулердің деректері мен материалдарын дайындау, есепке алу, сақтау, көбейту және пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтар, нормалар мен ережелер әзірлеуге құқығы бар.

3. Уәкілетті орган жоспарланған жұмыстардың учаскелерінде жергілікті жердің геодезиялық және картографиялық зерделенуі туралы тиісті мәліметтерді геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне беруге міндетті.

4. Геодезиялық және картографиялық қызмет саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру ережесін уәкілетті орган бекітеді.

5. Уәкілетті орган өз қызметін осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

7-бап. Топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметті
мемлекеттік лицензиялау

1. Топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу

мен топографиялық-геодезиялық және картографиялық өнімдерді өткізу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті лицензиялауға жатады.

2. Топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметті лицензиялауды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Күрделі құрылыс үшін жобалау-іздістіру жұмыстары құрамында топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметті лицензиялауды сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

8-бап. Геодезиялық және картографиялық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен техникалық талаптар

Нормативтік құқықтық актілер мен техникалық талаптар геодезиялық және картографиялық жұмыстарды мемлекеттік реттеуге және мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыруға арналған бірыңғай техникалық нормалар мен ережелер бойынша осы жұмыстарды жүргізу тәртібін белгілейді және барлық геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері үшін міндетті болып табылады.

9-бап. Геодезиялық және картографиялық қызметті метрологиялық қамтамасыз ету

Уәкілетті органның стандарттау, метрология және сертификаттау саласында өз құзыреті шегінде, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

1) нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес геодезиялық өлшеу құралдарының бірлігі мен дәлдігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;

2) геодезиялық, картографиялық және топографиялық өнімдерді міндетті сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге;

3) геодезиялық және картографиялық жабдықтарға, аспаптар мен саймандарға метрологиялық бақылау және қадағалау жүргізуге құқығы бар.

10-бап. Геодезиялық және картографиялық қызметті қаржыландыру

1. Мемлекеттік мақсаттағы геодезиялық және картографиялық қызмет республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары есебінен қаржыландырылады.

2. Арнайы және салалық мақсаттағы геодезиялық және картографиялық қызмет тапсырысшы қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары есебінен қаржыландырылатын геодезиялық, топографиялық және картографиялық жұмыстардың тапсырысшылары және (немесе) орындаушылары болып табылатын геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері бұрын жасалған геодезиялық, топографиялық және картографиялық материалдар мен деректерді пайдалануға м і н д е т т і .

11-бап. Картографиялық өнімге авторлық құқық

Картографиялық өнімге, оның ішінде топографиялық, гидрографиялық, арнайы және аэроғарыштық түсіріс материалдарына авторлық құқық "Авторлық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

12-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған және жалпымемлекеттік, салааралық маңызы бар геодезиялық, топографиялық, картографиялық, гидрографиялық, аэроғарыштық түсіріс, гравиметриялық материалдар мен деректердің жиынтығы болып табылады.

Ведомстволық картографиялық-геодезиялық қор арнайы (салалық) маңызы бар геодезиялық, топографиялық, картографиялық, гидрографиялық, гравиметриялық және аэроғарыштық түсіріс материалдары мен деректердің жиынтығы болып табылады және тиісті орталық атқарушы органдардың қарамағында болады.

2. Ұлттық картографиялық-геодезиялық қор уәкілетті органның қарамағында б о л а д ы .

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің картографиялық-геодезиялық қоры оның өз қарамағында болады.

3. Белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорының құрамына жатқызылған Ұлттық картографиялық-геодезиялық қордың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақталады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының

құжаттары мемлекеттік меншікте болады және мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру, сату-сатып алу, айырбастау немесе сыйға тарту объектісі болуы, сондай-ақ басқа да мемлекетте тұрақты сақтауға әкетілуі мүмкін емес.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау және пайдалану ережесін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ведомстволық (салалық) картографиялық-геодезиялық қорлардың құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау және пайдалану ережесін және оларға енгізілген материалдар мен деректер тізбесін геодезия және картография жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті орталық атқарушы органдар бекітеді.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының материалдары мен деректерін пайдалану үшін көрсетілген материалдар мен деректерді (көшірмелерді) жасауға, сақтауға және жеткізіп беруге жұмсалған шығындарды, сондай-ақ көрсетілген материалдар мен деректерді іріктеу және көшірмелер әзірлеу жөніндегі қызмет көрсетуді қамтитын төлем алынады. Мемлекеттік органдар төлемнен б о с а т ы л а д ы .

Мемлекеттік бюджет есебінен картографиялық және геодезиялық жұмыстарды жүргізу мақсатында Ұлттық картографиялық-геодезиялық қордың материалдары мен деректерін пайдалану үшін аталған материалдар мен деректерді іріктеу және олардың көшірмелерін әзірлеу, сондай-ақ аталған материалдар мен деректерді жеткізіп беру жөніндегі қызмет көрсетулерге ғана жұмсалған шығындарды қамтитын төлем алынады.

Ұлттық картографиялық-геодезиялық қордың материалдары мен деректерін пайдалану үшін алынған қаражат бюджет заңдарының ережелеріне сәйкес бюджетке ж і б е р і л е д і .

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер көздері болып табылатын құжаттарға қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын уәкілетті органның тиісті рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға беруге және олардың көшірмелерін жасауға жол берілмейді.

9. Геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар өздері жасаған геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректердің көшірмелерінің бір данасын Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорына авторлық құқығын

сақтай отырып, тегін беруге міндетті.

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының картографиялық және геодезиялық өнімдерін пайдаланушылар алынған

материалдар мен деректердің сақталуын қамтамасыз етуге, оларды уәкілетті орган белгілеген мерзімде қайтаруға, көрсетілген материалдар мен деректердегі мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

13-бап. Геодезиялық және картографиялық өнімге мемлекеттік меншік

Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын геодезиялық және картографиялық қызмет нәтижесінде алынған геодезиялық және картографиялық өнім, сондай-ақ гидрографиялық, аэроғарыштық түсіріс және гравиметриялық материалдар мен деректер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының материалдары мен деректері Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі болып табылады.

14-бап. Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесіндегі геодезиялық және картографиялық қызмет

Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесіндегі геодезиялық және картографиялық қызметті өзара келісілген жұмыс жоспарлары бойынша қорғаныс саласындағы уәкілетті орган мен геодезия және картография жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

15-бап. Жергілікті объектілер туралы ақпараттарды беру

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы географиялық, топографиялық және өзге де карталар мен жоспарларға бейнелеп түсірілуге тиіс жергілікті жердегі объектілер туралы ақпараттардың иелері болып табылатын заңды және жеке тұлғалар осы карталар мен жоспарларды әзірлеушілердің немесе геодезиялық және картографиялық қызмет саласындағы уәкілетті органның сұратуымен оларға осы ақпараттар бар құжаттың көшірмесін береді.

2. Дұрыс емес мәліметтер беру салдарынан келтірілген зиян тиісті ақпараттық ресурстар иелерінің қаражаты есебінен өтеледі.

16-бап. Мемлекеттік геодезиялық торлар пункттерін қорғау

1. Мемлекеттік геодезиялық торының геодезиялық пункттері (астрономиялық-геодезиялық, геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық пункттер, жерге қойылған белгілер және осы пункттердің ортасы), сондай-ақ арнайы геодезиялық торлардың пункттері (орталар, бақылау маркалары, сыртқы белгілер, бағдарлық пункттер) мемлекеттік меншік болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Геодезиялық пункттерді бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) тек уәкілетті органның рұқсатымен ғана жүргізіледі.

2. Геодезиялық пункттерді орналастыруға арналған жер учаскелерінің берілуін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

3. Геодезиялық пункттер орналасқан жерлердің жер учаскесінің меншік иелері, тұрақты және уақытша жер пайдаланушылар міндетті түрде:

1) геодезиялық пункттердің зияндалуы және жойылған жағдайлары туралы геодезия және картография уәкілетті органына хабарлау;

2) геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу кезінде геодезиялық пункттердің маңайына көлікпен келуге (жаяу келуге) мүмкіндік беру.

4. Геодезиялық пункттерді қорғау жөніндегі Ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

17-бап. Геодезиялық және картографиялық қызметі туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының геодезиялық және картографиялық қызметі туралы заңдардың бұзылуына кінәлі азаматтар және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

18-бап. Геодезия және картография саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы геодезия және картография саласындағы халықаралық қарым-қатынасты пайдалы ынтымақтастықпен өркендетуді өзара ынталылыққа байланысты жүзеге асырады.

Халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасын геодезия және картография саласындағы уәкілетті органы өз құзыреті шегінде ұсынады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК